

Қазақстан Республикасының кеден шекарасы арқылы жеке тұлғалардың акциз салығы салынбайтын акцизделетін тауарларды алыш өту нормалары туралы

### Күшін жойған

Қазақстан Республикасы Министрлер Кабинетінің Қаулысы 1995 жылғы 8 маусым N 798. Күші жойылды - Қазақстан Республикасы Үкіметінің 1996.06.28. N 819 қаулысымен.

"Акциздер туралы" Қазақстан Республикасының Заңына өзгертулер мен толықтырулар енгізу туралы" Қазақстан Республикасы Президентінің Заң күші бар 1995 жылдың 31 наурыздағы N 2159 Жарлығын орындау үшін Қазақстан Республикасының Министрлер Кабинеті қаулы етеді:

1. Қазақстан Республикасының кеден шекарасы арқылы жеке тұлғалардың акциз салынбайтын акцизделетін тауарларды алыш өтуінің нормалары бекітілсін.

2. "Қазақстан Республикасы аумағына әкелінетін акцизделетін тауарлардың жекелеген түрлеріне акциз ставкалары туралы" Қазақстан Республикасы Министрлер Кабинетінің 1995 жылғы 19 сәуірдегі N 513 қаулысымен 1995 жылдың 25 сәуірінен күшіне енген СЭҚ ТН 2203 00, 2204 (2204 30-дан басқасы), 2205, 2206, 2207, 2208, 2402 кодтары бойынша акцизделетін тауарларды алыш нормаларын есепке алмағанда, акцизделетін тауарларды алыш өту нормалары 1995 жылдың 12 маусымынан бастап күшіне енгізілсін.

Қазақстан Республикасының  
Премьер-министрі

Қазақстан Республикасы

Министрлер Кабинетінің  
1995 жылғы 8 маусымдағы  
N 798 қаулысына  
қосымша

Ескеरту. Қосымшаға өзгерістер енгізілді - ҚРМК-нің  
1995.07.13. N 960 қаулысымен.

Қазақстан Республикасының кеден шекарасы  
арқылы жеке тұлғалардың акция салығы  
салынбайтын акцизделетін тауарларды алыш  
өту нормалары

СЭК ТН бойынша | Тарап атавы | Алып өту нормасы  
тарап коды | | (бір адамға)

1 2 3

<\*>

2203,00,2204	Алкогольді ішімдіктер	5 литр*
(220430-дан басқа)		
2205,2206,2207,2208		
2402	Сигаралар (түбі кесілген сигараларды қоса), сигариллалар (жіңішке сигаралар) және темекіден немесе оны ауыстырыш- тардан жасалған сигареттер	1000 дана

<\*>

420310000 Табиғи немесе жасанды былғары 3 зат  
(тек табиғи киім (комплект)  
теріден)  
4303 Мех киімі 3 зат

(комплект)

<\*>

650692000 Тысты немесе тыссыз, өндөлген 3 зат  
немесе өндөлмеген табиғи мех,  
басқа да бас киімдер

8

701321,701331,	Хрусталь бұйымдары	3 комплект*
701391	(сервис)	
7113, 7114,7116	Зергерлік бұйымдар	5 зат*
8703	Женіл автомобиль және басқа да	1 дана **
	адамдар тасуға арналған моторлы	
	көлік құралдары	

\* Көрсетілген норма сыртқы экономикалық қызметтің тауар номенклатурасы кодтарына бөлінбей сыртқа шығарылатын тауарлардың жалпы көлеміне белгіленеді, әкелінген тауарлардың алып өту нормасы көлеміндегі акциз салығы салынбайтын тауарлардың тізбесі салық төлеушінің тілегіне (тандауына) қарай белгіленеді.

\*\* Кеденде ресімделген кезінен екі жылдың ішінде басқа адамның пайдалануына немесе иеленуіне жатпайтын көлік құралын бір адам бір жыл ішінде әкелсе, бұл нормаға акциз салығы салынбайды.